

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Топ ішінен бөлек заттарды бөліп алу және заттарды топқа біріктіру

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.03.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/92103/>**Өткізген:** Даулетімбетова Б.Н**Өткізу мерзімі:** 23.10.2020**Топтың жас ерекшелігі:** ересектер тобы**Білім беру саласы:** «Таным»**Бөлімі:** ҚМҰҚ.**Тақырыбы:** «Топ ішінен бөлек заттарды бөліп алу және заттарды топқа біріктіру».**Мақсаты:** Топ ішінен бөлек заттарды бөліп алу және заттарды топқа біріктіру дағдыларын жетілдіру**Міндеттері:****БМ:** Бөлек заттарды заттар тобынан бөліп алуға және заттарды топқа біріктіруге үйрету. Үлестіру жадығатпен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.**ДМ:** Зейіндерін, көру естерін, қолдардың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. .**ТМ:** Тану ықыластарын тәрбиелеу**Қолданатын көрнекі құралдар:** бала санына қарай жасанды қар кесегі, Тазша бала, себет, геометриялық пішіндер салынған қорап.**Сөздік жұмыс:** қар кесегі, бөліп алу, біріктіру.**Қостілділік компонент:** бір – один -one, көп – много -lot.

Қызметтің кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеттері

Балалардың іс-әрекеттері

Мотивациялық-қозғаушылық	Кіріспе әңгіме: — Балалар, бізге қонаққа Почташы келді.	Қуыршаққа назар аударады
Ұйымдастырушылық — ізденістік	<p>-Сәлеметсіңдер ме, балалар! -Сәлеметсің бе, Почташы! Почташының қолындағы сөмкеге назар аудартады. — Балалар, Почташы бізге не әкелді? -Ол бізге қар кесегін әкеліпті. -Олар қандай түсті, қандай пішінді? -Тазша бала көп қар әкелді ма? Қар кесектерін еденге шашып, бала-ларға жинап алуға ұсынады. — — Қане, бәріміз бір-бір қар кесегінен қолға алайық. Кезекпен балалардан «Сен неше қар кесегін алдың?, — деп сұрайды. -Ал, неше қар кесегі қорапта қалды? -Сөмкеде көп қар кесегі болу үшін не істеу керек? Қар кесегін себетке салуға ұсынады. Әр баладан: «Сен неше қар кесегін қорапқа салдың?» — деп сұрайды. - Сөмкеде неше қар кесегі бар? -Ал, сендердің қолдарыңда неше қар кесегі бар? Қостілділік компоенттер: бір- один, көп -много</p> <p>Сергіту сәті : Бір, екі - еңкей, Бүгілмесін тізең. Үш-төрт шалқай Иілмесін тізең. Қолды көтер аспанға Саусақты соз, жасқанба.</p> <p>Бекіту.Сөмкеде геометриялық пі-шіндер. -Балалар, сөмкеде нелер жатыр? -Оларды бір сөзбен қалай айтамыз? -Келіп, әрқайсың бір пішінді алыңдар. -Енді сөмкеде неше геометриялық пішін бар? -Ал, сендер қолдарыңда неше геомет-риялық пішінді ұстап отырсыңдар?</p>	<p>Қонақпен амандасады.</p> <p>Сөмкеге назар аударады.</p> <p>-Қар әкелді.</p> <p>-Ол ақ түсті, домалақ. -</p> <p>Иә, көп.</p> <p>Қолдарына бір-бір қар кесегінен алады. -</p> <p>Сөмкеде ештеңе қалған жоқ. Қайтадан салу керек</p> <p>Көп</p> <p>Біреуіде қалмады</p> <p>Тұрып бойларын жазады.</p> <p>Сөмкеге назар аударады. -Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, т.б. -Геометриялық пішіндер. Пішіндерді қолдарына алады.</p> <p>-Бір де бір пішін қалған жоқ, -бір пішінді</p>

Рефлексиялық -түзетушілік	-Балалар, біз бүгін немен айналыстық? -Біз қолға неше заттан алып отырдық? -Ал, заттарды қайта сөмкеге жинағанда, онда неше зат болып отырды? Белсенді балаларды мақтайды.	-Заттарды алып, қайта жинап отырдық. — Бір заттан. -Жинаған кезде сөмкеде де көп зат болады.
----------------------------------	---	--

Күтілген нәтиже:

Біледі: «Қанша?», «Неше?» деген сұрақтарға жауап береді, жиынтықты «бір», «көп» сөздермен анықтайды.

Игереді: топ ішінен бөлек заттарды бөліп алу және заттарды топқа біріктіру дағдыларын.

Меңгереді: топ ішінен бөлек заттарды бөліп алуға және заттарды топқа біріктіруге үйрнеді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.